

2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет пен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы

Мерзімі біткен

Ұлытау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 12/83 шешімі. Шешімнің қолданыста болу мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енеді және 31.12.2025 дейін әрекет етеді (шешімнің 7-т.).

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2023 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 9 896 257 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Жезқазған қаласынан – 8 459 990 мың теңге,

Ұлытау ауданынан – 1 436 267 мың теңге.

2. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2024 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 10 453 297 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Жезқазған қаласынан – 8 765 083 мың теңге,

Ұлытау ауданынан – 1 688 214 мың теңге.

3. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2025 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 11 459 411 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Жезқазған қаласынан – 9 851 626 мың теңге,

Ұлытау ауданынан – 1 607 785 мың теңге.

4. Облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін 2023 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 4 915 971 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Қаражал қаласына – 486 439 мың теңге,

Сәтбаев қаласына – 2 445 541 мың теңге,

Жаңаарқа ауданына – 1 983 991 мың теңге.

5. Облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 4 498 457 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Қаражал қаласына – 82 537 мың теңге,
Сәтбаев қаласына – 2 316 533 мың теңге,
Жаңаарқа ауданына – 2 099 387 мың теңге.

6. Облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін 2025 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 4 939 382 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Қаражал қаласына – 107 336 мың теңге,
Сәтбаев қаласына – 2 572 244 мың теңге,
Жаңаарқа ауданына – 2 259 802 мың теңге.

7. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

Ұлытау облыстық мәслихатының хатшысы

Б. Шингисов